

# «Үйдегі интернет TV-де» пультті баптау нұсқаулығы

## Теледидармен жұмыс істеу үшін басқару пультін баптау

Жалғаманың пультімен теледидарды қосу және өшіру, дауысын басқару және сигналдың көзін таңдау. Ол үшін теледидарды басқаруға пультті «үйрету» керек.

- 1-қадам.** Жалғама мен теледидардың пультін сенсорларын бір-біріне қаратып 1 сантиметр қашық қойыңыз.
- 2-қадам.** Жалғаманың пультінде қосу/өшіру пернесін 5 секунд басып тұрыңыз. Сәуле индикаторы үздіксіз жанып тұруы керек.
- 3-қадам.** Жалғаманың пультінде үйреткіңіз келетін пернені басыңыз. Егер сәуле индикаторы жыпылықтаса, пульт үйренуге дайын.
- 4-қадам.** Теледидардың пультінде сәйкес пернені басыңыз. Егер сәуле индикаторы 3 рет жыпылықтаса – пульт үйретілді.
- 5-қадам.** 3 секундтан соң индикатор қайтадан орнықты жанады. Содан соң басқа пернелерді баптауға болады. Үйрету режимінен шығу үшін, жалғаманың пультінде MENU пернесін басыңыз. Сәуле индикаторы өшеді.



# Үйдегі интернет TV-де» пультті баптау нұсқаулығы

Теледидармен жұмыс істеу үшін басқару пультін баптау

Бағдарламалауға болатын пернелер:

- **Power**;
- теледидардың видеожалғамасын таңдау: **Source**;
- дыбысты күшейту: **VOL+**;
- дыбысты басу: **VOL-**;
- дыбысты өшіру: **MUTE**.

Басқару пультіне қатысты толық ақпарат [қолданушы нұсқаулығында](#)

**Басқару пультінің баптауларын қалай жоюға болады?**

**0** және **OK** пернелерін қатарынан 6 секунд басып тұрыңыз. Жарық индикаторы 3 рет жыпылықтайды, демек, бағдарламаланатын пернелерге бұрын бапталған барлық пәрмен өшірілді.